КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ
(қысқаша)

2024 жылғы 17 маусым № 5501-24-00-2/1512 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.О.Алишева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
««Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Әбдуғани Талшын Әбдуғанқызы «Талшын» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесінің жауапкер Әбдуғани Талшын Әбдуғанқызы «Талшын» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алушыны жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Әбдуғани Талшын Әбдуғанқызы «Талшын» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Әбдуғани Талшын Әбдуғанқызы "Талшын" жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 15 550 (он без мың без жүз елу) теңге көлемінде және мемлекеттік бажды 2 312,50 (екі мың үш жүз он екі)

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

теңге (елу) тиын, барлығы 17 862,50 (он жеті мың сегіз жүз алпыс екі) теңге (елу) тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ж.О.Алишева**

Құжатқа қол қойылған: Алишева Ж. О., 17.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Алишева Ж. О., 27.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5501-24-3-1/1592